**Мемлекеттік баж ставкалары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1530. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 64-1 Заңымен. ~Z960064

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты қаулы етемін:

1. Мемлекеттік баж ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол "Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 19 желтоқсандағы N 1792 Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне енгізсін.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы, 1994 жылғы қаңтардың 27-сі
N 1530

Қазақстан Республикасы Президентінің
1994 жылғы "27" қаңтардағы N 1530
Жарлығына
ҚОСЫМША

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ
СТАВКАЛАРЫ

1. Конституциялық Сотқа берілетін ұсыныстардан, өтініштерден және Конституциялық Соттың шешімдерін қайта беру үшін, сотқа берілетін талап қойылған арыздардан, соның ішінде шарт алдындағы даулар жөніндегі арыздардан, ерекше жүргізілетін істер жөніндегі

арыздардан /шағымдардан/, кассациялық шағымдардан, сондай-ақ сот құжаттардың көшірмелерін /дубликаттарын/ бергені үшін мынадай мөлшерлерде мемлекеттік баж алынады:

а/ Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына берілетін ұсыныстар мен өтініштерден — 100 процент *

б/ осы тармақтың "ж" тармақшасында көрсетілгендерден өзге талап қойылған арыздардан, талаптың құны мынадай болғанда:

| | |
|---|---|
| 2000 теңгеге дейін | талап құнының 5 проценті |
| 2000 теңгеден 10000 теңгеге дейін | талап құнының 6 проценті |
| 10 000 теңгеден 20 000 теңгеге дейін | талап құнының 8 проценті |
| 20 000 теңгеден асса | талап құнының 10 проценті |

в/мемлекеттік басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының накты тараптар құқықтарына нұқсан келтірген заңсыз әрекеттеріне берілген шағымдардан — 1 процент

________

* Бұл жерде және бұдан әрі проценттік ставкалар республикада белгіленген ең төменгі жалақыға сәйкес есептеледі.

г/ некені бұзу туралы талап қойылған арыздардан — 10 процент

қайталанған некені бұзу туралы арыздан — 15 процент

некені бұзу кезінде мүлікті бөлген жағдайда — баж осы тармақтың б/ тармақшасына сәйкес талап құнына байланысты белгіленеді

д/ белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз

кеткен немесе жан ауруы, не ақыл
кемдігі салдарынан әрекет қабілеті
жоқ деп танылған адамдармен, кем
дегенде үш жыл мерзімге бас
бостандығынан айырылған адамдармен
некені бұзу туралы талап қойылған
арыздардан 5 процент

е/ тұрғын жайларды жалдау шартын өзгерту
немесе бұзу туралы, мұрагерлікті
қабылдау мерзімін ұзарту туралы,
мүлікті қамауға алудан босату туралы
талап қойылған арыздардан және
мүліктік сипаты жоқ немесе бағалауға
жатпайтын басқа да талап қойылған
арыздардан 10 процент

ж/ шарт алдындағы даулар жөніндегі
талап қойылған арыздардан 10 процент

з/ ерекше жүргізілетін істер жөніндегі
арыздардан /шағымдардан/ 10 процент

и/ сот шешімдеріне кассациялық
шағымдардан талап қойылған немесе
өзге де арыздар
/шағымдар/ берген
кезде төленуге тиіс
ставканың, ал мүліктік
даулар бойынша даулы
сомадан есептелген
баждың 50 проценті

к/ Конституциялық Соттың шешімдерін
қайта беру, сот шешімдерінің,
ұйғарымдарының, соттардың басқа
да қаулыларының көшірмелерін
/дубликаттарын/, сондай-ақ
тараптардың және іске қатысушы
басқа да адамдардың өтініші
бойынша соттар беретін, істің
ішіндегі басқа да құжаттардың
көшірмелерін беру үшін әрбір құжат үшін 5
процент және сонымен
бірге дайындалған
әрбір баж үшін
1 процент

2. Төрелік сотқа берілетін талап қойылған арыздардан, шарт алдындағы даулар жөніндегі арыздардан, сондай-ақ төрелік соттың шешімдерін қайта қарау туралы арыздардан мынадай мөлшерлерде мемлекеттік баж алынады:

| | |
|---|---|
| а/ мүліктік сипаты бар талап қойылған арыздардан /шетелдік валюта түрінде мүліктік сипаты бар талап қойылған арыздардан мемлекеттік баж тиісті валютамен төленеді/ | талап құнының немесе даулы соманың 10 проценті, бірақ 50 теңгеден кем болмауы керек |
| б/ мүліктік сипаты жоқ талап қойылған арыздардан,соның ішінде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жоғары тұрған органдар актілерін толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы арыздардан | 200 процент |
| в/ шарт алдындағы даулар және қаралуы тиіс шаруашылық шарттарын жасаған, өзгерткен немесе бұзған кезде пайда болатын даулар жөніндегі талап қойылған арыздардан: | |
| Қазақстан Республикасының Жоғарғы төрелік сотында | 200 процент |
| басқа төрелік соттарда | 100 процент |
| г/ төрелік сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру туралы арыздардан | дауды бірінші сатыдағы төрелік сотта қарау туралы талап қойылған арыздар берген кезде төленуге тиіс ставканың, ал мүліктік сипаты бар даулар бойынша -даулы сомадан есептелген ставканың 50 проценті |

| | |
|---|---|
| д/ төрелік сот шешімдерінің, ұйғарымдарының, өзге де қаулыларының көшірмелерін беру және тараптар мен іске қатысушы басқа адамдардың өтініші бойынша төрелік сот беретін іс ішіндегі басқа да құжаттардың көшірмелері үшін | әрбір құжат үшін 5 процент және сонымен бірге дайындалған әрбір бет үшін 1 процент |

3. Уәкілдік берілген мекемелерде нотариалдық жұмыстар атқарғаны үшін, сондай-ақ нотариалды ретпен куәландырылған құжаттардың көшірмелерін /дубликаттарын/ бергені үшін мынадай мөлшерде мемлекеттік баж алынады:

| | |
|---|---|
| а/тұрғын үйлер салу үшін мерзімі белгіленбей пайдалануға жер учаскелерін беруге байланысты шарттарды куәландыру үшін: | |
| облыстық орталықтарында, Алматы және Ленинск қалаларында | 10 процент |
| басқа елді мекендерде | 5 процент |
| б/тұрғын үйлерді, пәтерлерді, сая-жайларды,көлікжайларды, өзге де үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды жатсындыру шарттарын куәландыру үшін: | |
| балаларына, жұбайына, ата-аналарына | шарт сомасының 0,5 проценті |
| аға-інілеріне, апа-қарындастарына, атасына, әжесіне, немерелеріне | шарт сомасының 1 проценті |
| басқа адамдарға | шарт сомасының 10 проценті |
| в/автокөлік құралдарын жатсындыру шарттарын куәландыру үшін | |
| балаларына, жұбайына, ата-аналарына | шарт сомасының 0,5 |

проценті
ағa-інілеріне, апа-қарындастарына, шарт сомасының 1
атасына, әжесіне, немерелеріне проценті
басқа адамдарға шарт сомасының 10
проценті
г/бағалануға тиіс өзге де шарттарды шарт сомасының 5
куәландыру үшін проценті
д/мүлікті бөлу шарттарын, кепілдік
және бағалануға жатпайтын басқа да
мәмілелерді куәландыру үшін:
нақты тараптар үшін 10 процент
тараптардың тым болмағанда біреуі
заңды ұйым болса 50 процент
е/өсиетхаттарды куәландыру үшін:
заң бойынша мұрагерлер шеңберіне
кіретін адамдар үшін 10 процент
басқа адамдар үшін 50 процент
ж/мұраға құқық беретін куәліктер
беру үшін:
бірінші кезектегі мұрагерлерге мұра сомасының 0,5
проценті
екінші кезектегі мұрагерлерге мұра сомасының 1
проценті
басқа мұрагерлерге мұра сомасының 10
проценті
з/некеде тұрған кезінде жиған ортақ
мүліктен үлес алуға меншік құқығын
беретін куәлікті жұбайларға беру
үшін: 10 процент
и/мүлікті пайдалануға және оған иелік
етуге және кредит операцияларын
жүргізуге құқық беретін сенімхаттарды
куәландыру үшін:
балаларына, жұбайына, ата-анасына 10 процент
басқа адамдарға 15 процент
к/автомотокөлікті сату құқығынсыз
пайдалануға және оған иелік етуге
құқық беретін сенімхаттарды
куәландыру үшін:

балаларына, жұбайына, ата-анасына 10 процент
басқа адамдарға 100 процент

л/автомотокөлік құралдарын сатуға сенімхаттарды куәландыру үшін:
балаларына, жұбайына, ата-анасына 10 процент
басқа адамдарға 200 процент

м/өзге сенімхаттарды куәландыру үшін 10 процент

н/мұра мүлікті қорғауға шаралар қолданғаны үшін 100 процент

о/теңіз қарсылығын білдіргені үшін 1 процент

п/құжаттың бір тілден екінші тілге аударылу дұрыстығын айғақтау үшін /әр бетіне/ 5 процент

р/атқару жазбаларын жазу үшін алатын соманың 2 проценті

с/құжаттар көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын айғақтау үшін /әр бетіне/:
нақты тараптар үшін 5 процент
заңды ұйымдар үшін 10 процент

т/құжаттардағы қойылған қолдың растығын: соның ішінде аудармашы қолының түпнұсқалығын айғақтау үшін /әр бетіне құжат үшін/:
нақты тараптар үшін 5 процент
заңды ұйымдар үшін 10 процент

у/заңды және нақты тараптардың арыздарын басқа бір заңды және нақты тараптарға беру, сондай-ақ осы баптағы "а"-"т" тармақшаларына көрсетілгендерден өзге нотариалдық жұмыстарды атқарғаны үшін 5 процент

ф/нотариалды түрде куәландырылған құжаттардың көшірмелерін /дубликаттарын/ бергені үшін 5 процент

х/банкілерден шоттар ашқан кезде қойылған қолдардың түпнұсқалығын айғақтау үшін /әрбір құжат үшін/ 10 процент

4. Азаматтық хал актілерін тіркеу үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді қайта беру және азаматтық хал актілеріндегі жазбаларды өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді беру үшін мынадай мөлшерлерде мемлекеттік баж алынады.

а/некені тіркеу үшін 15 процент

б/некені бұзуды тіркеу үшін:

кәмелетке толмаған балалары жоқ жұбайлардың өзара келісімі бойынша 200 процент

жұбайлардың екеуі де бірінші некеде тұрған болса, сот шешімі негізінде 200 проценттен 250 процентке дейін /жұбайлардың біреуінен немесе екеуінен/

егер жұбайлардың біреуі некеде қайта тұрған болса, сот шешімі негізінде 250 проценттен 300 процентке дейін /жұбайлардың біреуінен немесе екеуінен/

белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен немесе жан ауруы, не ақыл кемдігі салдарынан әрекет қабілеті жоқ деп танылған адамдармен, не қылмыс жасағаны үшін кем дегенде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған адамдармен 5 процент

в/фамилиясын, атын және әкесінің атын өзгерткені үшін 10 процент

г/туу туралы, некені тіркеу туралы, некені бұзу туралы, қайтыс болу туралы жазбаларды өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді бергені үшін 0,5 процент

д/туылғанын, әкелікті анықтауды, бала асырап алуды тіркеу туралы куәліктер беру үшін 0,5 процент

е/азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді қайта бергені үшін 5 процент

5. Шет елге шығу ресімдеу кезінде мынадай мөлшерлерде

мемлекеттік баж алынады;

а/Қазақстан Республикасының азаматтарына шет елге шығуға құқық беретін шетелдік паспорттар беру жағдайларының барлығы немесе осы паспорттардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін 100 процент

б/шетелдік паспорттарда немесе оларды алмастыратын құжаттарда шет елге шығуға құқық беретін рұқсаттарды ресімдеу үшін:

жеке және қызмет бабындағы істер бойынша туристік сапарларға 50 процент

емделуге 20 процент

в/азаматтығы жоқ адамға шет елге шығу құқығымен куәлік беру немесе куәлікті қолдану мерзімін ұзарту үшін 50 процент

г/шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға мынадай құқықтар мен рұқсат беру немесе оларды ұзарту:

Қазақстан Республикасынан шығу 50 процент

Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан шығу 100 процент

д/Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік паспорттарында шекарадан бірнеше рет өтуге рұқсаттарды ресімдеу үшін, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға шекарадан бірнеше рет өтуге рұқсат беру үшін 200 процент

е/Қазақстан Республикасынан шығуға және Қазақстан Республикасына келуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға да, құқық беретін құжаттарға өзгерістер енгізу үшін 100 процент

ж/Қазақстан Республикасы азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға шет елден шақыру туралы шақырылған әрбір

құжаттарды беру үшін адам үшін 50
процент

з/шетелдік азаматтар мен азаматтығы
жоқ адамдардың қоныстануына ықтиярхат
беру 50 процент

и/Қазақстан Республикасы азаматтығына
қабылдау туралы арыздардан 50 процент

к/Қазақстан Республикасы азаматтығынан
шығу туралы арыздардан 200 процент

л/жоғалған, не бүлінген шетелдік
паспорттардың орнына оларды осы баптың тиісінше
алмастыратын құжаттар, рұқсаттар, "а","в","г","д","ж",
Қазақстан Республикасына шақыру "з" тармақшаларында
туралы құжаттар, қоныстануға көрсетілген мөлшерде
ықтиярхат беру үшін

6. Өзге де жұмыстар атқарғаны үшін мынадай мөлшерлерде мемлекеттік баж алынады:

а/тұрғылықты орнын тіркеу үшін 5 процент

б/аң аулау құқығына рұқсаттар
беру үшін 5 процент

в/мемлекеттік кәсіпорындарды
шаруашылық серіктестік немесе жарғылық қор
акционерлік қоғам етіп қайта құнының 0,1 проценті
құру үшін

г/мемлекеттік кәсіпорынды ұжымдық
кәсіпорын етіп қайта құру, оның бағаланған құнының
мүлкін конкурс бойынша сату үшін 0,2 проценті

д/аукциондарда мемлекеттік кәсіпорын
мүлкін заңды ұйымдар мен азаматтарға сату бағасының
сату үшін 0,5 проценті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК